

Музыка жетекшісінің 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : «Нурлы шын» ЖШС балабақшасы

Топ : «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2024-2025 оқу жылы.

| Айы   | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
|-------|---------------------------|--|
| Қазан | Музыка                    | <p>- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;</p> <p>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;</p> <p>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу;</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b><br/>Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p><b>Ән айту.</b><br/>Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b><br/>Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> |